

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру үйымы : «Нұрлы шын» ЖШС балабақшасы

Топ : «Балбебек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 04-08 наурыз айы, 2023-2024 оку жылы

Күнтәртібініңкезеңд ері	Дүйсенбі 04.03.2024ж	Сейсенбі 05.03.2024ж	Сәрсенбі 06.03.2024ж	Бейсенбі 07.03.2024ж (демалыс)	Жұма 08.03.2024ж (демалыс)
Балалардықабылдау	<p>1.Балалармен амандасу бұрышында сәлемдесу. Балаларда жағымды көңіл-күй қалыптастыру.</p> <p>Міндеті: Дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту; Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге дағдыландыру.</p> <p>Қазақ тіліне тән ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Ауызша сөзжұмбақ» Мақсаты: Балаларды дұрыс</p>	<p>1.Балалармен амандасу бұрышында сәлемдесу. Балаларда жағымды көңіл-күй қалыптастыру.</p> <p>Міндеті: Сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.</p> <p>Бүйрек райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу</p>	<p>1.Балалармен амандасу бұрышында сәлемдесу. Балаларда жағымды көңіл-күй қалыптастыру.</p> <p>Міндеті: Дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпашиятқызу, жаңа ертегілерді, өлеңдерді тыңдай білуге бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сиқырлы суреттер» Мақсаты: Балаларды дұрыс сөйлеуге, дербес</p>		

	<p>сөйлеуге, сөздік қорларын жана сөздермен байытуға баулу. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>жалғастыру (бар, кел, айт). Дидактикалық ойын: «Ертегі желісі бойынша бір ертегі кейіпкерін тап» Мақсаты: Балаларды дұрыс сөйлеуге, дыбыстарды анық айтуда үйрету. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>		
Ата-аналармен әңгімелесу, кенес беру	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу		
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	<p>Міндеті: Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа сөздерімен белгілеу. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Бұлар нелер, бір сөзben ата?»</p> <p>Мақсаты: Тұрмыстық</p>	<p>Міндеті: Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең сөздерімен белгілеу. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыруды жалғастыру.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сиқырлы суреттер»</p> <p>Мақсаты: Заттарды салыстыра білуге және ұқыптылықпен қараша үйрету.</p>	<p>Міндеті: Салыстыру нәтижелерін бірдей, тең сөздерімен белгілеу Заттарға ұқыптылықпен қамқорлықпен қараша тәрбиелеу</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сиқырлы суреттер»</p> <p>Мақсаты: Заттарды салыстыра білуге және ұқыптылықпен қараша үйрету.</p>		

	заттармен таныстыру. Заттардың өлшемін ажыратуды жалғастыру. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)	заттармен таныстыру. Заттардың өлшемін ажыратуды үйрету. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)	(Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)		
Таңтеренгі жаттығу	<p>Таңтеренгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қымыл белсенділігі, ойын әрекеті).</p> <p>Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.</p> <p>Шенбер бойымен марш екпінімен жүру.</p> <p>Шенбер бойымен еркін жүру.</p> <p>Шенбер бойымен тұру. / шенберге тұрарда себеттен екіден лента алу/ Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау</p> <p>Б.қ.: «Сермеу» Аяқтары алшақ қойылған, оң қолдағы лентаны – жоғарыға, сол жақтағыны – төменге сермен отырып ауыстыру. /5 рет қайталау./</p> <p>Б.қ.: «Алдыда- артта» Аяқтары иық жалпақтығында, ленталар жанды, алдыға еңкейіп, ленталарды артқа созу «артта» деп айту, шалқайып, қолды алдыға созу «алдыда» деп айту. /5 рет қайталау./</p> <p>Б.қ.: «Бұйрықты орында» Аяқтарын алышық қою, ленталар екі жақта. Қолдары төменде. «Ал», «қой» - дегенде тез алып қою керек. /6 рет қайталау./</p> <p>Б.қ.: «Көңілді аяқтар» Аяқтарын алшақ қою, ленталар жанды; 8- рет маршпен жүру, 10- рет секіру.</p> <p>Қорытынды: Шенбер бойы маршпен жүру./ленталарды себетке салу/ «Жолбарыс» - қолды әр түрлі жағдайда ұстап, кең қадаммен жүгіру. (Дене шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындан жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</p> <p style="text-align: center;">Асың, асың, асына, Бақыт қонсын басыңа, Дастарханың мол болсын, Көңіл күйің жай болсын. Астарың дәмді болсын!</p> <p>Ботқаны таусызып жеуге, нанның қиқымын жерге тастанауға үйрету.</p>				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын, танымдық әрекеттер			
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	<p>Денешынықтыру Тақырыбы: «Епті боламыз»</p> <p>Міндепті: Тепе-тендікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбей тақтай (20-30 сантиметр) жүруді жалғастыру</p> <p>Шенбер бойымен тұрып:</p> <p>1. Жалпы жетілдіруші жаттығулар.(бас, дене, аяқ бөліктеріне арналған)</p> <p>2. Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Тепе-тендікті сақтайтырып журу. - Бір қырымен қосалқы қадаммен көлбей тақтай (20-30 сантиметр) жүруді жалғастыру Қадағалау, бақылау. Кимылды ойын: 	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көгершін нің хаты»</p> <p>Міндепті: Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіруді үйретуді жалғастыру.</p> <p>Шенберде:</p> <ul style="list-style-type: none"> 1. Жалпы жетілдіруші жаттығулар.(бас,дене, аяқ бөліктеріне арналған) 2. Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар: <p>-Белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру;</p> <p>-Қарқынды өзгертіп,</p>	<p>Дене шынықтыру (таза ауда) Тақырыбы: «Мен шымыр боламын»</p> <p>Міндепті: Қи мылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.</p> <p>1. Жалпы жетілдіруші жаттығулар.(бас,дене, аяқ бөліктеріне арналған)</p> <p>Кимылды ойын:</p> <p>«Балапандар мен мысық», «Тұлқі мен балапандар» ойындар арқылы негізгі қимылды бекіту.</p> <p>Мақсаты: Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Еркін ойындар.</p> <p>Тыныс алу жаттығуы:</p> <p>«Қарды үрлеп ұшыр»</p>	

	<p>«Допты қуып жет» Мақсаты: Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Тыныс алу жаттығуы: «Шар ұру»</p> <p>Еркін ойындар ойнау.</p>	<p>жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде)</p> <p>жүгіруді үйретуді жалғастыру.</p> <p>Бақылау, қадағалау. Көмек беру.</p> <p>Қимылды ойын:</p> <p>«Доптар мектебі»</p> <p>Мақсаты: Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Тыныс алу жаттығуы: «Шар ұру»</p> <p>Еркін ойындар ойнау.</p>		
Серуенге дайындық	<p>Балалардың дербес қымыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық – ойын жабдықтары мен спорттық күрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.</p> <p>Балаларды ретімен киіндіру (ая-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p> <p>Қатармен жүптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.</p>			
Серуен	<p>Серуен №4 Аспанға бақылау жасау.</p> <p>Балалардың көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету. Аспанның қыста қандай болатынын, қазіргі кезі қандай екенін нақтылау.</p> <p>(Қыста аспан- сұр, ал</p>	<p>Серуен №5 Шоғырланған бұлтқа бақылау жасау.</p> <p>Наурыз айының екінші жартысында алғашқы шоғырланған бұлттар пайда бола бастайды.</p> <p>Аяу райының жылуына байланысты</p>	<p>Серуен №6 Қардың алғашқы еруін бақылау</p> <p>Балалардың назарын қардың алғашқы еріген тұстарына аудару, неліктен барлық жерде бірдей қар кетпейді.(ең алдымен</p>	

қазір -көкшіл) Бақылау барысында көркем сөзді қолдануды үйрету. Кимылды ойын «Қазым,қазым қанқылда!» Ойын шартына сай түрлі қимылдар жасауға үйрету. Балалардың ойында қырағылық, шапшаңдық таныта білдіруіне назар аудару. Еңбек іс-әрекеті Тұқымды қарашірікке отырғызу. Топырақты жәшіктеге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. Құралдарға деген ұқыптылықты тәрбиелу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама «Көктемге арнап бояу табайық»	олардың пайда болатынын түсіндіру. Қардың еруі қалай тез болса,бұлттар да сонша көбейе түседі. Олар қысты күндеғідей аспанды толық баспайды. Тек шоғырланып жүреді. Осы бұлттар ұлпа мақтадай түрлі пішінде тегіс негізде болады. Шоғырланған бұлтты аспаннан көріп, қайталанбас сұлулығын байқай білуге үйрету. Шығармашылық қабылдауын дамыту. Кимылды ойын «Кілттер» Кеңістікті бағдарлап жылдам әрекет жасауға үйрету. Бастаушы шенбер бойымен жүріп, кілт кімде деп сұрайды. Балалар жауап беріп орындарын	жазық жерлер мен төбелердің қары ериді, себебі ол жерге күн көзі мол түседі.) Күн сәулесі мен жарық жердің түстары тез еритіндігі туралы балалардың түйсігіне түю. Байқампаздықты дамыту. Кимылды ойын «Жүгір-отыр-жүгір!» Белгі бойынша әрекет жасауды дамытуды жалғастыру.(«Жүгір! »-балалар аланда жүгіреді, «Отыр!»- отырады);жылдамдық ты(бұйрықты тез орындау). Күнделікті белсенді қимыл әрекетті қалыптастыру. Еңбек іс-әрекеті Терезе алдындағы бақша (суару) Өз бетімен суару ережесін орындауды үйрету, топырақты қопсыту,су	

	<p>Балалардың жыл мезгілі туралы білімін тиянақтау-көктем табиғаттағы өзгеріс. Өсімдіктер мен жануарлардың көктемде бояуы қанық болатынын түсіндіру.</p> <p>Байланыстыра сөйлеуді дамыту.</p> <p>Өзіндік іс-әрекет Дәлізде ойынға, оқу іс-әрекетіне қолайлы жағдай туғызу. Ауа райының жағымды тәртіп дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>(Сейлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)</p>	<p>ауыстырады.</p> <p>Бастаушы бос шенберді жылдам алып қою керек.</p> <p>Шенберсіз бос қалған бала бастаушы орнына болады.</p> <p>Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру.</p> <p>Еңбек іс-әрекеті Ауладағы қарды тазалау.</p> <p>Күрекпен жұмыс істей білу, қарды үю. Оны анықталған орынға апару. Еңбекті ынтамен жасауларын қалыптастыру.</p> <p>Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама</p> <p>«Бұлт неге ұқсайды?»</p> <p>Түрлі заттар мен жануарлардың келбетін таба білуге үйрету. Қиялын, шығармашылық қабылдауын дамыту.</p> <p>Өзіндік іс-әрекет</p>	<p>бұрку. Ұқыптылық пен еңбексүйгіштікті тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама.</p> <p>«Көктем ерекшеліктерін кім көп атайды?»</p> <p>Ерте түскен көктемнің ерекшеліктерін атай білуге үйрету. Сөздік қорын молайту.</p> <p>Тәжірибе. «Қай жердің қары тез ериді?»</p> <p>Табиғат құбылысының себеп-салдарын түсіндіру.</p> <p>Өзіндік іс-әрекет</p> <p>Ойын барысында бірігіп 2-3 рөлден тұратын ойындарды құрдастарымен бірігіп ойнау.</p> <p>Ойын әрекетін орындау.</p> <p>(Сейлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған</p>	
--	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--

		Балалардың бірлескен мықты нәтижелі енбегіне баға беріп, құптау. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, дene шынықтыру)	ортамен таныстыру, дene шынықтыру)		
Серуеннен оралу		Топқа оралу кезінде қатарғатұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топтакиеті наяққиімдерін өзбетінше ауыстырып, киоңу үйрету. (дербесойынәрекеті).			
Тұсқи ас		Сабынмен қолдарын сабындаپ, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жекесүлгісін тани білуді үйрету. Сұлгінің дұрысқолдануды дамыту, орнына іліпқоюын қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындық татікотыру. Астында мәдени-игиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызыметету, еңбек ерекеті)			
Күндізгі үйқы		Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік әрекет; Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет (кітап оқып беру); Музыка – шығармашылық әрекет (музыка тындау); Қоршаған ортамен таныстыру – танымдық, еңбек (түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу);			
Біртіндеп үйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары		Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік әрекет; Музыка – шығармашылық әрекет (балаларды музыкамен біртіндеп үйқыдан ояту); Дене шынықтыру - қымыл белсенділігі (орындарында отырып, дene жаттығуларын, тыныс алу жаттығуларын орындау); Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, танымдық әрекеттер (реттілікпен өзбетінше киіну, түймелерін салу, аяқ киімді дұрыс кию, қыздардың шашын тарау, өру);			
Бесін ас		Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызымет көрсету (бесін ас алдында гигиеналық			

	<p>шараларды орындау, көркем сөз қолдану)</p> <p>Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті (кезекшілердің әрекеті)</p> <p>Сөйлеуді дамыту–коммуникативтік, танымдық әрекеттер (тамақтану)</p>			
Балалардыңдербесәр екеті (баяуқимылдыойын дар, үстелүстійындары, бейнелеуәрекеті, кітаптарқараужәнета ғыбасқа әрекеттер)	<p>Міндеті: Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін (білезік) қайталап салуға баулу. Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Iрі және ұсақ құрылыш материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтауды дағдыландыру.</p>	<p>Міндеті: Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін (сырға) қайталап салуға баулу. Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Iрі және ұсақ құрылыш материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтауды дағдыландыру.</p>	<p>Міндеті: Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін (жүзік) қайталап салуға баулу. Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Iрі және ұсақ құрылыш материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтауды дағдыландыру.</p>	

	Дидактикалық ойын: «Суреттер» Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілеттерін шындау. (Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, күрастыру, музыка)	Дидактикалық ойын: «Нениң дыбысы?» Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілеттерін шындау. (Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, күрастыру, музыка)	Дидактикалық ойын: «Көлеңкесін тап» Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілеттерін шындау. (Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, күрастыру, музыка)		
Баламен жеке жұмыс	Еркеназ тең және тең емес заттар тобын салыстыра білуге үйренеді.	Русланқызы Кәусәр жұмысты ұқыпты орындауға дағдыланады.	Расул қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді дұрыс айта білуге үйренеді.		
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; Серуенге ойын материалдарын тандау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	Серуен №4 Аспанға бақылау жасау	Серуен №5 Шоғырланған бұлтқа бақылау жасау.	Серуен №6 Қардың алғашқы еруін бақылау		
Балалардың үйгекайты	Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу	Алда болатын іс-шараларға қатысты әңгіме		